Бұйрықтың көшірмесі.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шақпақата» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының

БҰЙРЫҒЫ

Шақпақата ауылы.

13.09.2023 ж. №82

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларды анықтау үшін комиссия құру туралы.

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын» негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шақпақата» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-да атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар ата-аналарды анықтау үшін комиссия құрылсын.
2. Комиссия құрамы төмендегіқұрамда бекітілсін:
   Комиссия төрайымы:
   Жадикеева Р – балабақша меңгерушісі
   Комиссия мүшелері:
   Абдубайтова А – кәсіподақ ұйымының төрайымы
   Сазанбай Е – қамқоршылық кеңестің төрағасы
   Көшкенова А – ата-аналар комитетінің төрайымы
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Бөбекжай-балабақша меңгерушісі: **Р.Жадикеева**